


1 2006

6005

ҚАЗІРГІ  
ҚАЗАҚ  
ПОЭЗИЯСЫ

# Тынышбай Рахимов

*Күйсандақ,*











# Тынышбай Рахимов

*Күйсандык,*

**Жыр кітабы**



Алматы  
“Жазушы”  
2004

*Қазақстан Республикасы Мәдениет,  
акпарат және спорт министрлігінің бағдарламасы  
бойынша шыгарылып отыр*

**Рахимов Т.**

**Р 24** Күйсандық: Жыр кітабы. Алматы: Жазушы. –  
2005. – 272 бет.

ISBN 9965-746-18-4

Қазақстан Жазушылар одағының Илияс Жансүгіров атындағы сыйлығының лауреаты маркүм Тынышбай Рахимов бұл кітапқа енген өлеңдерін өнмен әдіпте, күймен көмкеріп жүйелеген. Ақынның “Күйсандық” атты бұл кітабы сондықтан да тұтастық тауып, оның шығармашылығындағы саз бері сырдың жарқын жарасымдылығын танытады.

**ББК 84 Қаз 7-5**

P 4702250202-043  
402(05)-05

ISBN 9965-746-18-4

© «Жазушы» баспасы, 2005

## **КРЕДО**

Жыр –  
мен шырқар өн аты;  
самгайды –  
талмайды қанаты!  
Музыка тілінде жазғам жок өзірге  
Скерцо,  
Сюита,  
Соната...

Соққанда шабыттың сағаты,  
ойымның аршылмақ ең терен қабаты.  
Өлеңім,  
Толғауым,  
Дастаным –  
мен үшін Скерцо,  
Сюита,  
Соната!

Музыка – ұқсайды шуакқа,  
музыка – ұқсайды бұлаққа.  
Түйсінген,  
сүйсінген жүректе – сезім бар,  
әуен бар құлақта.

Мен Шопен емеспін,  
бірақ та  
өнермен түсемін сынапқа!  
Өлеңмен тек қана өзім боп  
кетемін жыракқа.  
Кетем де жыракқа – жетемін мұратқа!

Әр жүрек – жұмбақ үй, білемін,  
мен соған қалай да кіремін.  
Әмірге –  
Өлеңге,  
Әнерге Фашықтық –  
Кредом!



## ОН СЕГІЗ – ГҮЛ ДӘУРЕН

### Бірінші кітап

#### ЖҮРЕК СӨЗІ

(Пролог орынына)

Балдай шырын гүмбырымды Махаббаттан бастап ем,  
сондықтан да, жаза алмаймын Махаббаттан басқа влең...  
Мынау жарық, Дүниеге келген сәттен гашық бол,  
гашықтықтан «іңгәлаппын», көзді шылап жасақа мен.

Содан кейін албыраган ақ мамамның сүтін көп  
еміппін кеп, еміппін кеп, уыз жүрек лұпілден.  
...Мен аналық Мейірім мен қасиетті Сүт емгем,  
Махаббат бол басталған соң, Махаббат бол бітем мен!..

### Бірінші бөлім

## ЖАСТЫҚТЫҢ ОЯУ БАФЫ

### ОН СЕГІЗ – ГҮЛ ДӘУРЕН

Уа, Он сегіз!  
Асқақсың қол созған жан үшін.  
Секілді мың бұлақ сынғырап  
күлкіге тоғытып барасың бау ішін.

Көзінде күлімдеп Көктем жүр,  
күн жүзін төккен нүр.  
Таң тербел,  
ән тербел,  
еркелік самалы еседі беттен бір.

Қарайсын...  
Қарайсың ынтығып,  
шайқаусыз көнілінде шынайы сыр тұнып.  
Қайынды құшасын құмартып,  
құпия інкәрлік жас қанда бұлқынып.

Қаз омырау үстіне құлаған қос өрім  
сүйеді сыртынан  
кеудене төнкерген кесенің...  
Айтшы сен, неліктен айрылып еріктен,  
арқанды көк көрпе – шалғынға төседің?!.

Керілдін, дидарың шат қандай!  
Төсіне бір өсем өн сыймай жатқандай.  
Жас жүрек соғады, соғады дүрсілдеп,  
бақытқа тап болғай...

Еh, шіркін!  
**ОН СЕГІЗ – ГҮЛ ДӘУРЕН!**  
Аккудай самғап бір, арманды жырлаумен  
кетерсің сен ертең қолынды бұлғаумен,  
О, Гүл Дәурен!

## ЖАС АРУ. АЛҒАШҚЫ БӘЙШЕШЕК. МЕН

(Элегия)

Көктеменің тұнғыш гүлі – бәйшешекті ұсындын;  
ұсындын да ұнсіз тұрдың... Тіл қата алмай қысылдын.  
Жақұт-көзден бір төктін де інкәр толқын нұрынды,  
төмен қарап, сипай бердің егіз қара бұрымды.

Бәйшешекті ұсына сап өз-өзіңнен қысылдын,  
ізгі ойынды сен сыйлаған нәзік гүлден түсіндім:  
гүлжазира жүргегінді арман-көктем билеген,  
сол алқынған сезіміннің әмірі ғой бұл деген.

Көнілімнің аспанында сен қол созған жұлдыз бар,  
бірақ оны сенен бұрын иемденген бір қыз бар:  
сол ғой менің жан төрімнен атқан жаңа бұла тан,  
ойлашы өзін, бұлт боп оны қалай ғана жылатам?..

Сәуірдегі ақ шуақтай пәк болғанмен тілегін,  
бір құрбынның еркіндемін, сондық ғашық жүрегім.  
...Қазіргі шақ – асау шағын албырттықпен от басқан,  
мен де кешкем ол өмірді, өтер өлі көп бастан!..

## БЕЙТАНЫС ҚЫЗДЫҢ ХАТЫНА ЖАУАП

Жырыммен табыстың ба арманыңа?..  
Ендің бе тағы да сол ән бағына?..  
Өзекті өртеп өткен ақын лебі  
үзілген үмітінді жалғады ма?..

Көрсем деп арманыңың ашық көгін,  
біреуге сен өлердей ғашық па едің?..  
Шашыңа ол гүл таққанда  
Он сегіз жыл  
сақтаған сырды мас боп ашып па едің?..

Сондагы бой балқытқан ләzzат дәмі  
кетті ме сезімінді қозғап тағы?..  
Көктемі ерте көшіп махаббаттын,  
қайғының қарсы алды ма жазғы аптабы?..

Жан күйі жалғыздықтың болар ма мәз,  
қолыңа алдырды ма қалам, қағаз?..  
...Мұнлы ару!  
Алғашқы албырт махаббаттан,  
байқасан, бақыт тапқан адамдар аз!..

## ҰШЫП КЕТКЕН ҚҰСЫМ ЕҢ...

Демеппін-ау: «Сен де ауылдан кетерсің...»  
Сынап-мезгіл сырғып қана өтер шын.  
Көзіме ыстық көрінуші ең сен менің,  
балалық бал махаббатым екенсің!

Балауса өмір –  
естелігі сол шағым  
қалды-ау алыс,  
секілденіп ол сағым.

Бала күнгі маҳаббатым, сен маған,  
білесің бе,  
тастап кеттің қанша мұн?..

Жүрдім саған жүргімді ұяғып,  
қарсы шықсан, көзім сенен ұялып  
тайғанайтын,  
бала күнгі кымбаттым,  
сол екен ғой ғашықтықтың сырды анық.

Жат тіл қатып, жарқ етті ме нұр сезім,  
айтылды ма оған сенің шын сөзің?  
Үй сыртына шығып ұзак қаратын  
есінде ме менің де ұян бір кезім?..

Талай-талай үйқымды ашқан түсім ен,  
албырт күнді аңсап еске түсірем.  
Амалым жок,  
Аман бол тек, тілерім,  
оралмасқа ұшып кеткен құсым ен...

### МАХАББАТ ДИАЛЕКТИКАСЫ

Біреулер маҳаббатты «сан жырлайды»,  
біреулер маҳаббатпен қалжындаиды.  
Біреулер саясында ән тыңдайды,  
біреулер аязында қалышылдайды.

Мейлі, ол болсын бақыт, болсын қайғы,  
әуені бір басталса, таусылмайды.  
Жанынды қақап тұрған қантар етер,  
жаз да етер орнатқандай маусым-айды.

Махаббат жанарым мен жүргімде,  
сүймесем, құдіретін білемін бе!  
Көрген түс – көлеңкесі маҳаббаттын,  
Махаббат қол ұстасып жүр өмірде!

### МАХАББАТТАН ЖАРАЛҒАМ

Менің жаным Махаббаттан жарапған,  
төгем соның шапағатын жанардан.

Бұл өмірге ынтызарлық сол шығар –  
аялаған арманым бар сан алуан.

Аспан бүгін түскендей-ау тәмендей,  
әлде жерден көтеріліп келем бе, ей?..  
Торда туған балапаным – жүрегім  
талпынады, «ұшып шығам» дегендей.

Күндер, күндер...  
Сырлы сәтің мол қандай!  
Айдыныма қоңыр қаздар конғандай.  
Ару қыздар,  
    кара бұрымдарың-ай,  
тұн жамылып жүрсем деген жолдардай...

Оған түссем кетер ме екем адасып,  
бір жактарға жеткенінше жан асық.  
Асыққан жан махаббаттан жарапған,  
Махаббатым – көзімдегі қарашық!

## АЯУЛЫ ҚҰРБЫМ-АЙ

(Әні бар)

Көріп ем көзіңнен өмірдің көктемін,  
Сол көктем мен үшін бір сәуле төккенін.  
Айлы кеш кездескен аяулы құрбым-ай,  
Сен бе едің аңсаған арманым тек менін?

Кеудемде жүрегім неліктен бұлқынды?  
Көңілім – ақ құсым неліктен ұмтылды?  
Сағымдай жалт еткен аяулы құрбым-ай,  
Жадымда қалдырдың күмістей күлкінді.

Сол тұнді көркінмен, күлкінмен күн еттін,  
Нұр жүзін қалды рой төрінде жүректін.  
Жолықшы қайтадан, аяулы құрбым-ай,  
Өзін деп өртенген жанымды жүдettін.

## ЕЛІК ҚЫЗ. ЕЛЕС. САҒЫНЬШ

Сағындым сені, балалық көктем өткен жер,  
тұлымды қызбен қызғалдақ терген өрт белдер.  
Үміт іздеген іздерім қалған тау, сайда,  
сол тұстар мені күте ме жылда, аңсай ма?!

Талай жыл өтті-ау,  
тани ма бүгін оралсам?..  
Болмас еді арман «шыбық-тайды» іздең таба алсам...  
Есіме түсіп,  
шіркін-ай, шырын шат күнім,  
қысады ыстық құшағына мені тәтті мұн!..

Есейдік, иә...  
Жылдарға ерік беріппіз,  
қайдасың сол бір қара көз ерке елік-қыз?  
Бұралып белін, су алып керім бұлактан  
қайтушы ен,  
есте,  
шелегінді шайқап... жылатқам...

Қызығып кетіп,  
қолыннан сенің таң рен  
лапылдан тұрған гүлдесте жұлып алып ем,  
ағаттық екен!..  
Ұққам-ды оны кеш мүлде,  
Елік-қыз, менің қателігімді кештің бе?..

Соны ойлап кейде өзімнен өзім ұялам,  
қызарам Күндей алаулап батқан қиядан.  
Сағындым бірақ балдәурен өткен сол манды,  
Елік-қыз, сені... Сені аңсап жаным толғанды!

Өзің ше?..  
Өзің сәбиді, бәлкім, тербетіп,  
отыр ма екенсің сызылтып, нәзік өндептіп?..  
Көнілді кей сәт қозғай ма келіп ізгі мұн,  
түсе ме еске бір күнде ғайып қыз күнін?..

Көктемгі гүлдей пәк едік қой біз ол кезде,  
еш діріл қакпай тұратын тұнып көл – көз де;

Ұласып жазға, сырғыпты-ау бізден сол көктем,  
көлдер де толқып, жан бұлты кейде селдеткен...

Сағыныш жеңсе, шымырлап терең жан сезім,  
көктеммен кеткен құлқіні еске алышы өзін:  
Токтамайды рас, токтамайды рас, бұл уакыт,  
сарғайған құнді сағына білу – шын бақыт!

### ТӘТТІ ЕКЕН ҚЫЗДАЙ ӨМІР...

Қыздар, қыздар...  
Өмірдің қызғалдағы.  
Кім сендерді кімдерден қызғанбады?!.  
Өздеріннен бүр жарып жан көктемі,  
Махаббаттың гүлдейді гүлзар бағы!

...Сырлы әлемге екеу бол үштық бүгін,  
бірге аялап, ашылса – құштық гүлін.  
Бөлек еken кей-кейде суықтығын,  
бөлек еken кей-кейде ыстықтығын...

Еріндерің – қызыл шоқ қүйіп тұрған,  
құлқілерің сан сикыр қүй ұқтырған.  
Ол біреудің мерейін биік қылған,  
ол талайдың тағдырын күйік қылған.

Бір жүректі жаныңа жуыстырып,  
жүз жүректі дерпті ғып, у іштіріп  
жүрсің Бірін,

Тәтті еken қыздай  
Өмір –  
бір-ақ қызға жаратқан туыс қылыш!..

Екінші бөлім

## КӨҢІЛ-КҮЙ БОЯУЛАРЫ

### МӘНДІ САҒЫНЫШ

*Anam Маржанпияга*

«Ботам!..» — деп, еміреніп иіскеуші ең,  
Сен менсіз ас та,

тіпті, су ішпеуші ең...

«Жарығым осы менің!» — деуші едің-ау,  
біреуді жақын санап, туыс көрсөн.

Шашыңның толғантпапты түсі ағы да,  
бір күні көзден ғайып ұшарың да...  
Құйттай боп жатыппын ғой түк ойламай  
өзінің оттай ыстық құшағында.

Бүгінде келем сырлы кез өткеріп:  
куаныш,

ренішке кезек беріп.

... Мен үйқтап жатқанымда күндеғіше  
қыр асып кеттің бе екен тезек теріп?..

Кетуші ең, бірақ қайтып келетінсің,  
келе сап: «Құлыным!» — деп өбетінсің.  
Сенбеген сәби сана көп күтті ғой,  
орнаттың жаныма, Апа, неге тылсым?!

Өзінмен кеткені ме тәтті қүйім,  
қайда әлгі сен апарған шаттық жиын?  
Қаршадай құлыныңа ән салдырып,  
қоюшы ең тамсандырып топты дүйім.

Күн өтті...

Апта өтті...

— Тіріл енді... —

деп, менің бала кеудем күніренді.

— А-па-ау!.. деп,

қырға шығып айқайладым,

ет жүрек мұңға алғаш тілімделді.

Ер жетіп, бір жеміс те бермеп едім,  
Апам-ай, көп еді гой көрмегенің.  
Жаныма катты батты-ау, күндеғіше  
қыр жақтан қап арқалап келмегенің...

Үмітін бірте-бірте ұзді көніл,  
талай жыл өтті сенсіз біздің өмір.  
Жат жұртқа ұзатылып кетті бәрі,  
деуші едің: «Алып берем қызды не бір».

Жайлыш жат, апатайым, келінің бар;  
қызы да бар, қос шыбықтай өрім ұл бар;  
ізінді жалғап жүрген өзім сынды  
артымда мұрагерім – өмірім бар!

Айту да қажет болмас оны, бәлкім,  
бұйырған несібімен молығар күн.  
Тағдырмен тайталасып,  
мойын ұсынбай,  
ұмтылар табуға өз жолын әркім.

Тек кейде ақ жаулықты Ана көрсем,  
қасында домбыралы бала көрсем,  
түсесін, қайран Апам, сен есіме,  
сондайда тәмен тартып қалады еңсем.

Өзінді сағынам да, мұнданамын,  
қолыма алам сонда жыр қаламын:  
Қара жер жеткізе алар ма екен, сірә,  
жүргенін не бітіріп бүл балаңның?!.

## ҚЫРКҮЙЕК

(*Triptich*)

Әркім өзінің туған кезіне, яғни  
табиғат мінезіне ұқсайды деп ойлаймын.

*Автор.*

*Мың тогыз жүз қырық алты. Сентябрь,  
Он екісі. Тұрыпты ол күн ерте ауыл...  
Дүниеге келген сәби сондагы  
Азамат бол қалған бүгін ел таныр.*

## 1. Апам

Апам марқұм деуші еді:  
— Сентябрь ай —  
жиын-терін біткен шақ, ең тәуір ай;  
бар тірлігін бітірген біздей карттар  
от басында әнгіме шертеді жай,

сен осындай кезде, ұлым, туып едің,  
өз қолыммен кіндігің жуып едім;  
Соғыс өрті жана өшкен,  
шөлдеп жүріп  
төнген еді тәніне күйіп ерін...

Қыркүйекпен бір келген төл басы едін,  
ақ мама-тын білерін онда сенің.  
Әлдеқалай қыдырып барған жерде:  
«Балам қалды үйде, — деп, — конбас едім».

Ержетсе деп ертерек асықтым-ау,  
мезгіл жатты шашыма шашып қырау.  
Шешенді мен «женеше» дегізіп ем,  
бауырыма сап,  
кеудеме басып мынау!..

Азамат бол құлыным сезімталды,  
Ертеніне қараумен көзім талды.  
Кім болсан да келешек, тек әйтеуір,  
Жақсылыққа, қарағым, бол ынталы.

Өлең — өнер жаныңа дарысын кен,  
сүтпен сіңген тілектің мәнісі үлкен.  
Шабытынды сағынсан, тұнжырарсын,  
Күзде тудын,  
нәзіксін,  
сарысын сен, —

деп едін-ау,  
бар еді көп Арманың:  
«Жұз жасаймын...» деп мені неге алладын?..

Жыр жазып жүр бүл күнде сары балан,  
бірақ оны, Апам-ай, көре алмадың!..

## 2. Мен

Қыркүйектің еседі баяу әні,  
мезгіл жатыр маңайды бояп әлі.  
Тыныштықтың Күз жатыр құндағында,  
осындаida ескі ойлар оянады...

Көтере алмай еңсесін ала бүлттан,  
түү алыста Қаратай қарауытқан;  
ұндеңей-ақ ол маған ұқтырады  
алыстадың дегенін балалықтан.

Күз және Мен,  
келеміз бақты аралап.  
Қолдан еккен гүлдер түр, неткен аbat?..  
Күз келіпті қайтадан, Жаз кетіпті,  
үлгеріппін оған тек жалт қарап-ақ.

Қыркүйекте туылпын салқын түскен,  
боянған кез дүние алтын түспен.  
Қызылشاқа тіршілік «шыр» етіпті  
ен алғашқы өзіндік мәрттік күшпен.

Жасыл емес,  
бүл кезде күміс тал көп,  
барын жерге төккендей «ырысты ал» деп.  
Қоңыр күзде құлын боп кісінеппін,  
жел сипапты: «Тынышбай, тыныштал», — деп,

Түйықтаумын,  
сиректеу жарқын күнім,  
үғу қыын тосынға парқын мұның.  
Біреулерге байқалса салқындығым,  
түсінгенге ол — менің алтындығым.

Терек биік — Күз келсе,  
жайсан баудың  
өзгертеді кескінін қайсарлау күн:

көкке өрлеген тек сүмбіл мұсін қалған,  
тартқанмын-ау мен соған, бойшандаумын.

Аймақ қайта момақан түрге енгенде  
бұлқынады бір сезім сыр кеудемде.  
Аспан – Айна,  
карасак катар тұрып,  
ұқастық көп, әйтеуір, Күз бен Менде.

Тыңдал құстың мұная салған әнін,  
Табиғатқа мен сонда тан қаламын.  
Күзде туған Ұлым бар, соған қарап,  
Апам айтқан сөздерді ойға аламын.

Күзде туған перзентім – ол да сары;  
Мен туған Ай,  
дәл сондай бозаң сәрі;  
бірақ мені бір Ой бар мазалайтын –  
Ол Ертенге Кім болып жалғасады?!

Кей қылғы өзіме ұнамай түк,  
катуланған жанармен шыдамай тік  
қарағанда сұраулы кейіппен мен,  
оның жаны тұрғандай мынаны айтып:

### 3. Ұлым

– Бәрі мені, немене, мазақтайды,  
«сарысын» деп мамам да аз айтпайды.  
Кейде, тіпті, көзімнің сәл көктігі –  
айықпайтын мен үшін азап-қайғы...

Жалған айтсам, ұлынды жақтама Сен,  
Әке, жүрек сырынды жаттап өсем.  
Құлынымның үні ғой дей бер іштей,  
әуезді ән жетсе егер бақтан өсем.

Мен өзінді сүйемін,  
Халқымды да,  
айтқан сөзі тозбайтын алтын мұра:

«Әке көрген – оқ жонар!» —  
Оқ жонармын!  
Сүйсінтермін жасынды, қартынды да!

\* \* \*

„Далада – Күз.  
Үйде – Біз.  
«Өс, қарагым!»  
Қамын жеймін деп іштей үш баланың,  
Олар маган қарайды не айтады деп,  
Мен Апамның сөздерін еске аламын!..

### ЖАСТЫҚ. ДОСТАР, АҢСАУ

Қарататудың жотасына Күн төніп,  
төбесінен нұр шапағын тұр төгіп.  
Жасыл майса бәктерінен бір кездे  
жүруші ек-ау, о, достарым, гүл теріп.

Жанның жарқын жазиралы жазындаи,  
албырт күндер өте шықты-ау сағымдай.  
Сыр айтысқан, шын айтысқан кештерді  
кімдер жүрер, кімдер жүрер сағынбай?!

Тағдыр берген уыз балдай нәр сыйлық —  
жұбым болды қара көз қызың қарсы үйлік;  
қол ұстасып, босағадан бірге аттап,  
бәріміз де отау тігіп, жар сүйдік.

Бұл – зандылық,  
өкпе айтады кім кімге?  
Өзгерген де шығар, бәлкім, құлкім де?..  
Бірақ жарым баяғыдай, мен де – сол,  
«айыбымыз» – үшеу болдық бұл күнде.

...Қарататудан бір жактарға бұлт өріп,  
қарайды, әне, мәз-мейрам Күн нұр төгіп.  
Көктем кешін жастық әнмен тербетіп,  
кайтсак, шіркін, тағы да бір гүл теріп!..

## ҚҰЙТТАЙ ҒАНА ТІРШІЛК

Таңатқа

Екеу едік,  
болдық бүгін Үш адам.  
Шаныракты Бақыт дейтін құшады ән.  
Өзім,  
Жарым  
және балғын Нәрестем –  
қанат жайған жас орманға ұсаған:

Мен – Терекпін,  
Жарым – Қайын,  
Ұл – шыбық,  
бәрімізді аялайды Күн шығып.  
...Апыл-тапыл аяқ басып келеді  
біздің үйде құйттай ғана Тіршілік!

### АУЫЛ. ӨТКЕН КҮН. ТОЛҚУ

Жүргегім нұр күтті ме, жыр күтті ме,  
өзге ойды тастадым да сілкіп, түге,  
қанат қып Сағынышты, келдім ұшып,  
асығып ауылым – Бүркіттіме!

Оянып Махаббатым – нұрлы шағым,  
осында аштым алғаш қызы құшағын;  
осында туды менің тұнғыш жырым,  
осында туды менің тұнғыш әнім.

Қашан да алға тартпай тұрмайды көш,  
Ертеңге жалғасады тынбай күрес.  
Жүрсем де сенен алыс, Бүркіттім-ая,  
жадымда сырлы таң мен сырнайлы кеш.

Өзінде жігіт болғам,  
Гашық болғам,  
жүректі тасытты үміт, тасытты арман.  
Ұшырдың бір қызынмен екеу етіп,  
есігін аппак отау ашыпты алдан.

Басталған біздің солай ғашық өмір,  
соны айтып, кәне, тағы тасы, көніл!  
Бағында қыз наз қылған, жыр жаздырған  
Бүркіттім – жан жайлауым – жасыл өнір!

Мен сені, Бүркіттім-ау, ансап келем;  
достарға жырымды арнап,  
ән сап берем.

Сарғайған ата-анамның көздерінен  
тағы да мөлдіреген моншак терем.

Достар-ай,  
арманымыз ізгі күйде  
шақырған кештер қайда қызды биге?!.  
Гүл дәурен – сол көктемнен сыр шертейік,  
жүріндер, бас қосайық біздің үйде!..

### МАЗАСЫЗ МАУСЫМ САЗЫ

Мен – Танмын әлі атпаған; бірақ атам,  
сібірлеп, бірте-бірте нұрға батам.  
Ерте ме, кеш пе, әйтеуір, жарқ ете қап,  
бәрінді бір қаратам!

Бәрінді шапағыма шомылдырам,  
өйткені, жетелейді жолым бұған.  
Алтайы арманына қолын созып,  
айтады жаным бір ән.

Сол әнді шырқағым бар тамылжытып,  
арудың бүралған би – назын күтіп,  
баянды махаббаттың отын жағам,  
қалмаса жазым бітіп...

Бұл арман – сүйілмеген қыз ерніндей,  
табылса, шың басынан үзер гүлдей.  
...Нұрымды сәріден-ақ шашкым келіп,  
Күн болып жүзем... білмей...

Бозан тартты, атуға жақын таңым,  
құстарына шабыт-күй сапыртамын.  
Мазасыз, мазасыз ғой ақын жүрек,  
тулатып жатыр канын!..

## ҚАРА ТҮН – ҚАРА КӨЗІММЕН

### Бірінші сурет

Айнала түн. Дала үйқыда. Шаршап, әбден талыпты.  
Ай да сонау Тау-жастыққа шынтақтап-ақ қалыпты.  
Қалжыраған болу керек, құлап кетті өрі қарай,  
сол-ақ екен, көне көрпе жамылды енді бар манай...

Нардай таудан көрінгені – болар-болмас ақ өркеш,  
ұстінде оның алқалы аспан жымындаумен қағар төс.  
Бірақ «нарды» тұрғыза алмай үмітін ол нақ үзді,  
ызаланып, бір моншағын жарқ еткізіп ағызды...

Дала үйқыда. Көзін ілмей сай кезеді бұлак тек,  
тұнығына батып кеткен кеудесімен құлап кек.  
Құрдасындау сылқ-сылқ құліп, шек келтірмей ойынына,  
оятпақ боп... құйылады Дала-Жігіт қойынына...

### Екінші сурет

Жаны мұнлы,  
жарын еске ап,  
еziле  
жылап тұрған  
өзі ыза боп өзіне  
жас әйелді қара шашы жайылған  
жанбырлы түн елестеткен көзіме.

Өксімейді,  
булығады тұншығып;  
әзэр ғана дем алады күрсініп.  
Әдеттегі Ай қүлетін қабағы  
үнілеткен қайғы батып, тұр сынып.

Иығынан бір ауыр зіл басады,  
тыйылмайды,  
төгіледі жасы әлі.  
Жылай-жылай оттай қызыл боп кеткен  
қара көзін анда-санда ашады...

## ТАН, ТАНҒЫ КӨНДЛ

Көгілдір көл – көнілімді билеп тағы жас арман,  
алтын қайық – жүрегімді тербелтеді өсем ән...

Алып ұшып, тұра алмайтын сырсандықты актармай,  
сазға ғашық сұңқар шабыт танда қанат қаққандай.

Үйден бейне күле шыққан әз анамдай күміс Күн  
нұр бол жапты, жыр бол жапты қызыл-жасыл гүл үстін.

Гүлін ашып, нұрын шашып, атқан кезде арай тан,  
күйім келіп жыр жазамын, үнім кеңіп ән айтам.

## ҰЗАҚ БОЛ, ЛАЙЫМ, САПАРЫМ!

*Тұманбай Молдагалиевке*

Көз тұндырган көкорайлы көктем өтіп барады,  
сал самалы асығыстау беттен өбіп барады;  
ылдилаған сылқым бұлақ жылдам ағып барады,  
қыраттардан қызғалдағын жинап алып барады,  
«Қош, Көктем!» дегім келмейді!

Жарқылдаған жамалы нұр жаз да өтіп барады,  
қанқылдаған көл аруы – каз да кетіп барады;  
«Қош» дегенін қонырлаған үнмен айтып барады,  
қимай қарап, мамырлаған Күн де батып барады,  
«Қош бол, Жаз!» дегім келмейді!

Күннен апта,  
аптадан ай,

жылдар жылжып барады,  
артына бір қарайламай жылдам сырғып барады:  
нұрлы өмірім, жырлы өмірім алға кетіп барады,  
сол Көктемге апарам деп алдап ертіп барады...

Ұзақ бол, лайым, Сапарым!